

Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестер туралы үлгі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 2 маусымдағы N 496 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1090 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.12.2015 № 1090 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестер туралы үлгі ереже бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау әрі дамыту мәселелері жөніндегі сарапшылық кеңестері туралы үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 тамыздағы N 917 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 27, 303-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 тамыздағы N 917 қаулысына өзгеріс және толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 сәуірдегі N 410 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 18, 186-құжат).

3. Осы қаулы 2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

2

м а у с ы м д а ғ ы

N

4 9 6

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестер туралы үлгі ереже

Ескерту. Үлгі ереже жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.10.02 N 1513 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

Осы Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестер туралы үлгі ереже (бұдан әрі - Ереже) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңына сәйкес әзірленді және орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы және өкілді органдардың жанынан құрылатын сараптамалық кеңестерді қалыптастыру және олардың қызметінің тәртібін айқындайды.

1. Жалпы ережелер

1. Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңес (бұдан әрі - с а р а п т а м а л ы қ к е ң е с) :

жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінен және мүдделі коммерциялық емес ұйымдардан жеке кәсіпкерліктің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сараптамалық қ о р ы т ы н д ы л а р а л у ;

жеке кәсіпкерлікті қолдау және қорғау, оның ішінде әкімшілік кедергілерді жою мақсатында мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру туралы ұсыныстар әзірлеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру үшін орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы және өкілді органдардың (бұдан әрі - мемлекеттік органдар) жанынан құрылатын консультативтік-кеңесші орган.

2. Сараптамалық кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Сараптамалық кеңес мынадай функцияларды жүзеге асырады: мемлекеттік құпияларды қамтитын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қоспағанда, мемлекеттік органдар әзірлеген және ұсынған нормативтік құқықтық актілердің жобаларын олар мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарын қоса алғанда, бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті жарияланғаннан (таратылғаннан) кейін қарайды;

көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сараптамалық кеңес мүшелерінің сараптамалық қорытындыларын жинақтауды жүзеге асырады;

жеке кәсіпкерлікті қолдау және қорғау, оның ішінде әкімшілік кедергілерді жою мақсатында мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру туралы ұ с ы н ы с т а р д ы ә з і р л е й д і .

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.30 № 2305 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

2. Сараптамалық кеңестерді қалыптастыру тәртібі

4. Сараптамалық кеңестің құрамы Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің заңнамада белгіленген тәртіппен аккредиттелген бірлестіктерінің, сондай-ақ мүдделі коммерциялық емес ұйымдардың және мемлекеттік органның өкілдерінен қ а л ы п т а с а д ы .

Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, кәсіпкерлік субъектілерінің әрбір аккредиттелген бірлестігі мен мүдделі коммерциялық емес ұйым өкілеттігі сенімхатпен расталған өз өкілі арқылы сараптамалық кеңестің қ ұ р а м ы н а қ а т ы с а д ы .

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 N 1524 қ а у л ы с ы м е н .

5. Сараптамалық кеңестің құрамы жанынан сараптамалық кеңес құрылатын мемлекеттік орган бірінші басшысының шешімімен бекітіледі.

3. Сараптамалық кеңестер қызметінің тәртібі

6. Сараптамалық кеңестің мүшесі:

1) сараптамалық кеңестің материалдарына қол жеткізуі;
2) сараптамалық кеңестің отырысына енгізілетін материалдарды талқылауға қ а т ы с у ы ;

3) м ы н а л а р :
қаралатын нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша сараптамалық кеңестің отырысын өткізуі;
тиісті мемлекеттік органның құзыретіне кіретін мәселелерді күн тәртібіне енгізуге өткізуге бастамашы болуы;

4) жеке кәсіпкерлікті қолдау және қорғау, оның ішінде әкімшілік кедергілерді жою мақсатында мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру туралы ұсыныстарды әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізуі;

5) сарапшылық кеңестің күндізгі отырысын өткізуді талап етуі мүмкін.

7. Сараптамалық кеңестің жұмысын ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді мемлекеттік органның шешімі бойынша оның тиісті құрылымдық бөлімшесі болып табылатын сараптамалық кеңестің жұмыс органы жүзеге асырады.

Орталық мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актінің жобасын сараптамалық қорытынды алу үшін, оның ішінде осы жобаны мүдделі мемлекеттік органдармен кейінгі әрбір келісу кезінде түсіндірме жазбаны міндетті түрде қоса беріп, сараптамалық кеңестер арқылы Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың тиісті кәсіпкерлер

палаталарына, жобада салалық мүдделері тікелей қозғалатын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктеріне жібереді.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актінің жобасына сараптамалық қорытынды ұсыну үшін мемлекеттік органдар белгілейтін мерзім ол Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына, немесе облыстар, республикалық маңызы бар қала және астана кәсіпкерлерінің палаталарға, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктеріне келіп түскен сәттен бастап он бес жұмыс күнінен аз болмауы к е р е к .

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 N 1524 қаулысымен .

7-1. Нормативтік құқықтық актінің жобасына осы Ереженің 7-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес мемлекеттік орган белгілеген мерзімде сараптамалық қорытынды ұсынылмаған жағдайда нормативтік құқықтық актінің жобасы ескертусіз келісілді деп есептеледі.

Ескерту. Үлгі ереже 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.11.08 № 1417 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

8. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.11.08 № 1417 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен .

9. Сараптамалық кеңестің жұмыс органы: сараптамалық кеңес отырыстарының арасындағы кезеңде оның жұмысын ұйымдастырады ;

нормативтік құқықтық актілердің жобаларын Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктеріне, мүдделі коммерциялық емес ұйымдарға жібереді және/немесе оларды мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурсына орналастырады ;

сараптамалық кеңестің отырысына енгізілетін нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша материалдар дайындауды жүзеге асырады;

сараптамалық кеңес отырыстарының қорытындылары бойынша хаттама дайындауды және оған қол қояды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 N 1524 қаулысымен .

10. Сараптамалық кеңестің төрағасы сараптамалық кеңестің жұмысына басшылық жасауды жүзеге асырады, сараптамалық кеңестің кезекті отырысының күн тәртібін бекітеді, қажет болған кезде оның отырысын шақырады, отырыстардың хаттамаларына қол қояды.

Сараптамалық кеңестің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын
о р ы н б а с а р о р ы н д а й д ы .

11. Сараптамалық кеңестің шешімдері хаттама түрінде ресімделеді және
ұ с ы н ы м д ы қ с и п а т т а б о л а д ы .

12. Сараптамалық кеңестің отырыстары кемінде тоқсанына бір рет өткізіледі.

13. Сараптамалық кеңестің нормативтік құқықтық актінің жобасын қарауы
отырыс өткізбестен, оны сараптамалық кеңестің мүшелеріне тарату жолымен
ж ү з е г е а с ы р ы л у ы м ү м к і н .

Қарау нәтижелері бойынша осы Ереженің қосымшасына сәйкес нысан
бойынша сараптамалық кеңес төрағасының қолы қойылатын хаттама жасалады.

Аталған хаттама сарапшылар кеңесінің мүшелеріне жіберіледі және
нормативтік құқықтық акті жобасының міндетті қосымшасы болып табылады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.08 № 1417 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен .

14. Сараптамалық қорытындылар Қазақстан Республикасының Ұлттық
кәсіпкерлер палатасы, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген
бірлестіктері мүшелерінің жинақталған пікірін білдіреді, ұсынымдық сипатта
болады және нормативтік құқықтық актіні қабылдағанға дейін, оның ішінде осы
жобаны мүдделі мемлекеттік органдармен келесі әрбір келісу кезінде олардың
жобасына міндетті қосымша болып табылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, жеке кәсіпкерлік
субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктері сараптамалық қорытындыларды
мемлекеттік және орыс тілдерінде береді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 N 1524 қаулысымен .

15. Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, жеке
кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктері нормативтік құқықтық
актінің жобасы бойынша ескертпелері бар бір сараптамалық қорытынды ұсынған
және осы ұйым сараптамалық кеңестің отырысын өткізуді талап еткен жағдайда,
осындай отырыстың өткізілуі міндетті болып табылады.

Бұл ретте сараптамалық кеңестің отырыстары сараптамалық кеңес мүшелерін
тікелей шақыру арқылы не нақты уақыт режимінде интернет-конференция өткізу
арқылы өткізілуі мүмкін .

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 N 1524 қаулысымен .

16. Мемлекеттік орган сараптамалық қорытындымен келіспеген жағдайда
Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына, жеке кәсіпкерлік
субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктеріне келіспеу себептерінің негіздемесі

бар жауап жібереді. Негіздемесі бар мұндай жауаптар нормативтік құқықтық актіні қабылдағанға дейін олардың жобасына міндетті қосымша болып табылады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 N 1524 қаулысымен.

17. Мемлекеттік органдардың жанындағы сараптамалық кеңестер қызметінің мониторингін кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның жанынан құрылатын үйлестіру кеңесі жүзеге асырады.

18. Мемлекеттік органдар өзінің ресми интернет-ресурсында сарапшылық кеңестің отырысына шығарылған қолданыстағы әрбір нормативтік құқықтық акті бойынша сарапшылық кеңес мүшелері мен өзге де мүдделі тұлғалардың ұсыныстарын, мемлекеттік органдардың жауаптарын, хаттамаларды және сараптамалық қорытындыларды сақтайды.

Ескерту. 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.30 № 2305 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестер туралы үлгі ережеге қосымша

(мемлекеттік органның атауы)

жанындағы кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің ХАТТАМАСЫ

Ескерту. Үлгі ереже қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.11.08 № 1417 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 N 1524 қаулысымен.

№ _____ ЖЫЛҒЫ « ____ » _____

Күн тәртібі

Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінің

(нормативтік құқықтық акті жобасының атауы немесе қаралып отырған мәселе)

қ а р а у ы т у р а л ы

1. Сараптамалық қорытындыларды ескертулер мен ұсыныстарсыз

ұ с ы н ғ а н д а р :

(ұ й ы м н ы ң а т а у ы)

2. Сараптамалық қорытындыларды ескертулермен және ұсыныстармен
ұ с ы н ғ а н д а р :

(ұйымның атауы, ұсынылған ескертулер мен ұсыныстардың жалпы саны,
олардың ішінде қабылданғаны/қабылданбағаны*)

3. Сараптамалық қорытынды ұсынған жоқ:

(ұ й ы м н ы ң а т а у ы)

4.

(ескертулер мен ұсыныстарды қабылдамау туралы ақпарат**)

Сараптамалық кеңестің төрағасы

Сараптамалық кеңестің хатшысы

Е с к е р т п е л е р :

*Мысалы: Еуразиялық өнеркәсіптік қауымдастық – 10 (7/3)

**Мұндай жағдайда, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктеріне жіберілген сараптамалық қорытындымен келіспеу себептерінің негіздемесі бар хаттың күні мен нөмірі көрсетіледі.